

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**



**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
IV Республиканской научно-практической
онлайн конференции «Судьбоносные решения Первого
Президента РК Н.А. Назарбаева по формированию нового
Казахстана», посвященной 25-летию Независимости
Республики Казахстан**

**2016 жыл 25 қараша
Астана**

**ӘОЖ 342 (063)
Ж 28**

«Жаңа Қазақстанды қалыптастырудағы ҚР Тұңғыш Президенті
Н.Ә. Назарбаевтың тағдырқешті шешімдері» Қазақстан Республикасы
Тәуелсіздігінің 25 жылдығына арналған атты IV Республикалық ғылыми-
практикалық онлайн конференциясы = «Судьбоносные решения Первого
Президента РК Н.А. Назарбаева по формированию нового Казахстана» IV
Республиканская научно-практическая онлайн конференция,
посвященная 25-летию Независимости Республики Казахстан
Астана: [http://www.enu.kz/ru/nauka/sborniki-konferentsiy/iv-respublikanskaya-
nauchno-prakticheskaya-onlayn-konferentsiya](http://www.enu.kz/ru/nauka/sborniki-konferentsiy/iv-respublikanskaya-nauchno-prakticheskaya-onlayn-konferentsiya), 2016. – б. (қазақша, орысша).

ISBN 978–9965–31–813-9

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген. В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и ученых гуманитарных наук.

ӘОЖ 342 (063)

ISBN 978–9965–31–813-9

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2016

СОДЕРЖАНИЕ

1.	Ashimkhanova K.	Territorial and border issues in Central Asia: historical approach	5
2.	Toimbayeva A.S.	Co-operation between France and Kazakhstan in the framework of cultural diplomacy	8
3.	Әбдіғали Н.Ә.	Н.Ә.Назарбаевтың – Қазақстандағы қоғамдық тұрақтылық пен ұлтаралық келісімді нығайту жолындағы саясаты	12
4.	Әбішева М.М.	Ел басының игі бастамаларының бірі – әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің съезі	19
5.	Альжаппарова Б.К.	Из истории «продразверсток» в Центральном Казахстане в начале 1920-х гг.	23
6.	Галимжанова С.Б.	Основополагающие институциональные реформы в экономике Казахстана	29
7.	Еменова Н.	Н.Ә.Назарбаевтың саяси тұлға ретінде қалыптасуы	35
8.	Жумабекова Д.Ж., Капеу-Коханова М.Б.	Роль Первого Президента РК Н.А. Назарбаева в развитии музыкальной инфраструктуры Астаны	41
9.	Жунисбеков Е.Н.	Деятельность РК в ООН: инициативы Н. Назарбаева	43
10.	Ибрагимов Ж.И.	Тұңғыш Президенттің институционалды реформаларды жүргізудегі ролі	47
11.	Иманбай А.Р.	Тарихи дыбыс өзгерістерінің түбір құрылымына әсері	52
12.	Искаков Қ.А.	Н.Ә.Назарбаевтың тәуелсіз Қазақстандағы білімді ұрпақ даярлау жолындағы саясаты	59
13.	Қабылшаев Қ.И.	Ұлы Жеңіске – қомақты үлес (Қазақстан теміржол көлігінің тылдағы ерен еңбегі хақында)	62
14.	Каирбаева Н.А.	МИИДБ-2 іске асыруда арнайы экономи-калық аймақтар ролі және оның құқықтық реттелуі	68
15.	Ковальская С.И.	Роль Первого Президента в разработке концепции по формированию исторического самосознания нации	70
16.	Қосыбаев М.М.	М. Қашқаридың «Диуани лұғат-ит-түрік» еңбегіндегі отбасы және туыстық қатынастар жүйесіне қатысты тілдік бірліктердің этнолингвомәдени сипаты	73
17.	Кошман Т.В.	Ассамблея народа Казахстана как модель межнационального единства	79
18.	Махамбетжанова Ж.	Мәңгілік ел болашағы – білімді ұрпақ, саналы жастар	82

19.	Мусабалина Г.Т.	Казахстанский путь в свете Послания Президента РК Н.А. Назарбаева	91
20.	Нугманова К.Ж.	Казахстанский путь и политика Первого Президента Республики Казахстан в продвижении позитивного имиджа страны	97
21.	Оспанова А.Н., Жанбулатова Р.С.	Казахстанско-Российское приграничное взаимодействие и опыт «Еврорегионов» в контексте Евразийской интеграции	102
22.	Пұсырманов Н.С.	Қазақстан қоғамын топтастырудағы Н.Ә.Назарбаевтың тарихи шешімі	109
23.	Сайфолла Ғ.А.	Ұлт көшбасшысының ел конституциясын әзірлеудегі орны	112
24.	Сәрсенбек Д.	Экспо - 2017 көрмесі - елдіктің ерен жеңісі	116
25.	Сергазин Е.Ф.	25 лет - как молчит семипалатинский ядерный полигон	123
26.	Сулеймен Т.	Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасы арасында дипломатиялық қарым-қатынастың орнауы	126
27.	Токанов Е.Е.	Ұлт көшбасшысының Еуразиялық экономикалық одақ туралы идеялары	136
28.	Турегалиев Б.Б	Н.Ә.Назарбаевтың тәуелсіз Қазақстанды жаңғыртудағы рөлі	143
29.	Үмітқалиев Ұ.Ұ.	Қазақстанға тигізген ядролық сынақ зардабы және Н.Ә.Назарбаевтың ядролық қарудан бас тарту жолындағы күресі	152
30.	Хабдулина М.К., Брынза Т.В.	К тысячелетию Астаны	156
31.	Шойбекова А.С.	Қазақстан тәуелсіздігі жылдарында Р.Қошқарбаев ерлігіне жаңа көзқарастар	160
32.	Юмакаева Э.А.	Бесік в истории казахской материальной культуры	163

УДК 346.7

МИИДБ-2 ІСКЕ АСЫРУДА АРНАЙЫ ЭКОНОМИКАЛЫҚ АЙМАҚТАР РӨЛІ ЖӘНЕ ОНЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕТТЕЛУІ

Каирбаева Н.А.

3 курс студенті, Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана

Ғылыми жетекшісі: аға оқытушы, құқық магистрі Кожухметова С.Г.

Тәуелсіздіктің 25 жылы ішінде Қазақстанның экономикалық платформасы әр күйде, әр түрде болып, әлемдік теңгерімді экономика жүйесіне ену мақсатында ҚР Президентінің басшылығымен бірқатар реформалардан өтті. Мемлекетімізде теріс үрдістердің алдын алу үшін бүгінгі таңда барлық ықтимал шаралар қолданылуда. ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаев 2014 ж. желтоқсанда жалпыұлттық телемост барысында үдемелі индустриялық-инновациялық дамудың бірінші «бесжылдығын» (2010-2014жж.) қорытындылап, Қазақстанға жана пост-индустриялық заман келе жатқанын атап өтті. Бұл «заман» Мемлекеттік 2015-2019 жж. арналған индустриялық-инновациялық дамудың бағдарламасы болып шықты. Аталмыш бағдарлама ҚР Президентінің 2014 ж. 1 тамыздағы Жарлығымен бекітіліп, экономика саласындағы диверсификациялауды ынталандыру мен өңдеуші өнеркәсіптің бәсекеге қабілеттілігін арттыруды мақсат етіп қойды [1].

МИИДБ-2 металлургия, химия, мұнай-химия, машина жасау, материалдар құрылысы, тамақ өнеркәсібі сияқты 14 сектордан тұратын 6 басымдықты белгілей отырып, ел экономикасының технологиялық платформаға ауысуына бағытталған кластерлік саясатын айқындаған. Жекеше секторды тарту арқылы осы басымдықтарға кластерлік саясат қолданылады, ал ұлттық, аймақтық және инновациялық түрдегі кластерлерді қалыптастыру үшін инновациялық гранттар (шетелдік технологияларды сатып алу үшін) және индустриялық-инновациялық инфрақұрылым, оның ішінде арнайы экономикалық аймақтар секілді құралдар тартылуда. ҚР 2015 жылғы 29 қазандағы Кәсіпкерлік кодексінің 247-бабына сәйкес, индустриялық-инновациялық инфрақұрылым элементтеріне арнайы экономикалық аймақтар, технопарктер, индустриялық аймақтар, инновациялық кластерлер сияқтылар жатады [2]. Ал «Қазақстан Республикасындағы арнайы экономикалық аймақтар туралы» ҚР 2011 ж. 21 шілдедегі Заңының 1-бабының 1-тармағында келесі анықтама берілген: «*арнайы экономикалық аймақ (АЭА)*– қызметтің басым түрлерін жүзеге асыру үшін арнайы экономикалық аймақтың арнайы құқықтық режимі қолданылатын, дәл белгіленген шекаралары бар ҚР аумағының бір бөлігі» [3]. АЭА индустриялық-инновациялық дамудың қозғаушы күші бола отырып, бәсекеге қабілетті өндірістерді жедел дамыту, халықты жұмыспен қамтамасыз ету, салаларға инвестициялар тарту және озық технологияларды енгізу сияқты басым мақсаттарды көздейді.

Экономиканы диверсификациялау, тиімділігі жоғары әрі бәсекеге қабілетті өндірісті қалыптастыру мен жаңа технологияларды тарту мақсатында ҚР Президентінің Жарлықтарымен Қазақстанда 10 АЭА құрылды: «Астана – жана қала», «Ақтау теңіз порты», «Инновациялық технологиялар паркі», «Ұлттық

индустриялық мұнай-химия технопаркі» және т.б. Арнайы экономикалық аймақтар МИИДБ-2 қажетті шарты бола тұрып, ҚР Президентінің 2014 ж. желтоқсандағы «Нұрлы жол» инфрақұрылымды дамытудың 2015-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында» да қызметтің ажырамас бөлігі есебінде бекітілген.

«Инновациялық технологиялар паркі» арнайы экономикалық аймағы ҚР Президентінің 2003 жылы 18 тамыздағы Жарлығымен құрылды. Алматыда орналасқан АЭА басты мақсаттары: ақпарат, телекоммуникация мен байланыс, жанартылатын энергия көздері, табиғатты тиімді пайдалану, мұнай мен газды өңдеу мен тасымалдау саласындағы технологиялық даму; әлемдік шаруашылық байланыс жүйесіне ҚР экономикасының енуі; бәсекеге қабілетті әрі тиімділігі жоғару өндірісті қалыптастыру мен тауарлардың жаңа түрлеріне көптеп инвестициялар тарту.

2013 жылдың жазында ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаев өзінің Алматы қаласына жасаған жұмыс сапарында аталмыш арнайы экономикалық аймаққа барып қайтты. Елбасы мемлекеттің инновациялық кластерге ерекше көңіл бөлінетіні және «Инновациялық технологиялар паркі» АЭА-ның тек бірінші кезектегі құрылысына 7,5 млрд теңге инвестицияланса, екінші кезек құрылысының инфрақұрылымына 3 млрд теңгеге жуық қаржынын бөлінгенін атап өтті. Кездесу барысында Н.Ә. Назарбаевтың назарына жүз пайыз қазақстандық мазмұндағы инновациялық жобалар ұсынылды, атап айтсақ, «SAT&Co» компаниясының видеосуреттің үш өлшемді виртуалды трансляциялаудың жаңа технологиясы көрсетілді [4].

Сонымен қатар, 2013 жылы желтоқсанда ресейлік «Сколково» қорының жаңа технологияларды әзірлеу мен коммерциализациялау бойынша заманауи ғылыми-инновациялық кешенінен «Инновациялық технологиялар паркі» АЭА-қа делегация келіп, инновациялық технологиялар кластерінің атқарушы директоры Игорь Богачев презентация мен экскурсиядан кейін арнайы экономикалық аймақтың кең территориясы мен жоғары деңгейлі жұмыс климаты жайлы ерекше атап өткен. Қазіргі таңда өндірістік алаңының құрылысын келесі перспективасы жоғары компаниялар іске асыруда: DS Multimedia (Қазақстан-Корея) – электрондық бөлшектер өндірісі, KazTechInnovations (Қазақстан - Жапония) – қамаудағы адамдар үшін электрондық білезіктер шығаратын зауыт құрылысы, LogyCom (Қазақстан - АҚШ) – деректерді өңдеу орталығы. «Инновациялық технологиялар паркі» АЭА-да заттар интернеті, «ақылды қала», «индустрия 4.0» сияқты өзекті бағыттарда жұмыс жасайтын, 25 компаниядан тұратын инновациялық кластер – TechGardenLab орналасқан. ЕХРО-2017 халықаралық көрмені өткізу аясында «Инновациялық технологиялар паркі» АЭА өзінің қызметін келесі секторлардағы жобаларға арнамақ: «Жаңа энергетика», «Таза технологиялар» «Ақпараттық технологиялар», «Ақылды орта». Өйткені, ЕХРО-2017 халықаралық көрмесі әлемдік масштабта инновациялық жобалардың генерациясы, апробациясы және коммерциализациясы үшін ірі платформа болып табылады. Инновациялық кластердің директоры С. Кеттебеков кластердегі жұмыстардың екінші кезеңі іске асырылуда және 13 млрд теңгені

құрайтын бұл кезең «Нұрлы Жол» мен «МИИДБ-2» ҚР Президентінің жобалары шеңберінде жүргізіліп жатқанын атап өтті [5]. Осылайша, индустриялық-инновациялық инфрақұрылым элементі болып табылатын арнайы экономикалық аймақ МИИДБ-2 басты мақсаты болып табылатын жаңа немесе жетілдірілген өндірістер мен технологияларды дамыту қызметін іске асырады. Сонымен қоса, жалпылама бағдарлама аясында инновациялық-технологиялық даму көлік, мұнайгазхимия, тау-металлургиялық кешен сияқты экономика салаларын модернизациялау, ҚР-ның экономикасы үшін жаңа секторлар құру, төртінші өндірістік революцияға (Индустрия – 4.0) көшу міндеттерін шешеді. Бұл міндеттер келесі іс-шаралар жүйесі арқылы шешіледі:

- Салалық ғылыми-зерттеу орталықтары аясында «Жаңа индустрия», «Ақылды орта», «Е-Коммерция», «Таза технологиялар», «Жаңа энергетика» бағыттарында 5 компетенция Орталықтары құрылады және өндірістердің технологиялық дамуы мен технологиялардың коммерциялануына инновациялық гранттардың бөлінуі жалғасуы тиіс;
- Салалар үшін Технологиялық саясат концепцияларды құру;
- Технологиялық саясат аясында Жол карталарына тиімді платформа қалыптастырылуы тиіс;
- Жастардың технологиялық озық идеяларын жүзеге асыру мақсатында «Стартап Қазақстан» бағдарламасын одан әрі жетілдіру.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. «ҚР индустриялық-инновациялық дамудың 2015-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы» ҚР Президентінің 2014 жылығы 1 тамыздағы №874 Жарлығы // <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/U1400000874>
2. Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 29 қазандағы Кәсіпкерлік Кодексі // <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1500000375>
3. «ҚР арнайы экономикалық аймақтар туралы» ҚР 2011 жылғы 11 шілдедегі Заңы // <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1100000469>
4. Н.Ә.Назарбаев жасаған жұмыс сапары // http://www.akorda.kz/ru/events/astana_kazakhstan/working_trips
5. Кузнецова Ю. Стартапы на низком старте // <http://www.abctv.kz>

Роль Первого Президента в разработке концепции по формированию исторического самосознания нации

Ковальская С.И.

д.и.н., профессор кафедры истории Казахстана
Евразийского национального университета
им. Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан
skovalsk@mail.ru

В первые годы независимости практически вся гуманитарная сфера в деле формирования массового сознания была выдвинута на периферию. Это было